

**Се Вэйниннің философия докторы (PhD) «6D020500 – Филология»
мамандығы бойынша «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ,
қытай романдарында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының
көркемдік ерешеліктері» тақырыбында жазылған диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшінің**

П I К I Р I

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы:**

«XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романдарында әйел
теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерешеліктері» атты зерттеу
жұмысы әдебиет пен өнер тұрғысынан, рухани-мәдени және тағылымдық
мәнінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Осы кезеңдегі романдардың әр
саласына берілген тақырыптық еркіндік арқылы өткен ғасырдағы тарихи һәм
әлеуметтік мәселелерді батыл көтерген шығармалар оқырмандар мен зиялды
қауым, зерттеуші ғалымдар назарына еркін ұсыныла бастады.

Алайда қазақ, қытай әдебиеттері арасындағы шығармаларды, әсіресе
романдарды салыстырудың қыындықтары өте зор деп айтуға болады. Әсіресе
әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлерінің өзі ала-құла. Оның үстіне
докторант қытай қызы Се Вэйниннің зерттеуді бастаған кездегі қазақ тілін
шала билетінін көргендегі ойларымды айтып жеткізудің өзі оңай емес еді.

Ізденушінің жаңа технологиялық мүмкіндіктер мен әлемдік және қазақ,
қытай зерттеулерінің мол ресурстарын пайдалана отырып, көптің тісі батпай
жүрген маңызды, құнды философиялық ойларға толы, көркем тілмен қысқа әрі
нақты жазатын өзгеше стильді шығармаларды талдап зерттеуі бүгінгі ғылыми
әдебиеттің әлем тарихы үшін де өзекті мәні болмақ.

**Докторлық диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі
ғылыми нәтижелері.**

Докторант Се Вэйнин зерттеуінде мәселенің оқу-ағартушылық, саяси -
әлеуметтік, көркемдік-идеялық жағдайын жан-жакты қарастырып, тақырыпқа
қатысты зерттеулер мен ғылыми еңбектерді ұтымды пайдаланған.
Тұжырымдық ұғымдар мен түсінік-пікірлерге сай өзіндік көзқарас білдіріп
қорытынды жасаған.

Тақырыпқа қатысты романдарды сұрыптаі талдаумен қатар, қытай
романдарын, оларды өзге тақырыптас қазақ романдарымен салыстыру арқылы
XX ғасыр басындағы рухани құндылықтардың екі ел әдебиеті мен мәдениеті
үшін белгілі деңгейде ұқсас-сәйкестіктеріне назар аударады. Тақырыптық,
фабула-сюжеттік, мазмұндық, көркемдік, стилдік жақындық негізінде екі ел
қоғамдық санаасындағы еркіндік пен ұлттық құндылықтарын сақтауға
ұмтылыстарын дәлелдейді. Оларды білім беру іс-тәжірибесінде пайдалану
мәселелеріне қатысты Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев,
А.Байтұрсынұлы. Ә.Бекейхан, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Әуезов,
F.Мұсірепов т.б. секілді тұлғалардың тұжырымдамалық ойлары келтірлген.

Докторант тақырыбын терең теориялық білім мен ізденгіштікті үштастыра отырып, талдай алған. Се Вэйнин зерттеу жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес ғылыми нәтижелерге қол жеткізумен ерекшеленеді.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Докторант ғылыми жұмысының үш тарауында: бірінші тарау - «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғ. басындағы Қазақ һәм Қытай әдебиетіндегі «Әйел тенденция» (олар екі бөлімдерге жіктелген), екінші тарау - «Дәстүр және жалғастық - қазақ қытай әйел тенденцияның романдар» (екі тараушаға жіктелген); үшінші тарау - «Қазақ, қытай романдарындағы көркемдік, идеялық ізденістер» талдау нәтижелерін, қорытындыларын дәйектей келе романдардағы көркемдік, идеядық ізденістерге тоқталады. Бұл ұсынылатын нәтижелер әдебиеттану ғылымының заманауи теориялық ұғымдары мен мәселелерін басшылыққа ала отырып жасалған, әлем әдебиеті: АҚШ, ағылшын, француз, неміс, орыс зерттеушілерінің еңбектерін де қолданады.

Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Се Вэйнин көтерген әлеуметтік мәселелерге қатысты әр алуан жинақтарда, баспасөз бетінде басылған мақалалар, диссертацияға қатысты еңбектер зерттеу - диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны. Жүйелу мен жан-жақты зерттеу барысында бүгінгі қазақ, қытай әдебиеттану ғылымдарының дамуындағы диссертациядағы тарихи тақырыптың маңызын айқындау мен бағалау жұмыстың басты мақсаты деп қарастырылады. Автор жұмыс барысында XX ғасыр басындағы қазақ романдары: «Бақытсыз Жамал» (1910), «Қамар сұлу» (1914), «Қалың мал» (1913), «Кім жазықты» (1915), «Мұнлы Мариям» (1915), «Ақбілек» (1927) т.б. шығармалармен бірге олар туралы байсалды зерттеулер жазған қазақ ғалымдарының: М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев т.б. зерттеулерін пайдаланған; қытай әдебиетіндегі «Шығыс Еуропаның қаһарман қызы» (1902), «Нүйва тасы» (1904). «Цзиңвэй тасы» (1905), «Хуаң Сюцю» (1907), «Қайғы тенізі» (1906), «Махаббат тасы» (1906), «Аппақ алмұрт гүлінің рухы» (1913 т.б. салыстырыла талданады, солар арқылы қазақ, қытай әдебиеті тарихындағы әдебиеттану саласы дамуының зерттелу тарихын, негізгі бағыттары мен ізденіс арналарын, әлі де зерттелуге тиісті өзекті мәселелерін болашақта танудың ғылыми болжамын ұсынады.

Ізденуші тақырыбына байланысты деректердің нақты мысалдар арқылы талдау жүргізуге тырысқан. Жасаған нәтижелері, қорытынды, байымдаулары байсалды. Қытай романдарының аудармасы, тарихи, әлеуметтің тақырыптағы шығармалары қаламдас-қатарлас қаламгерлердің шығармашылығымен салыстырады. Әріптестері мен зерттеушілердің еңбектерін қайта қотарып, қазіргі таңдағы өзекті мәселелермен параллель ұсынған әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулеріне тоқталған.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың дәрежесі жаңа болып табылады.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы:

Жұмыс нәтижесінде алынған түйіндердің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырым үзінділері бірін-бірі толықтыра, сабактастырыла баяндалған. Әрбір тарауда ұсынылған және дәлелденген нәтижелер өзара бірлікте дәйектелген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі талаптарға сәйкес құрылған, нәтижесі бір-бірімен үйлесіп, өзара сабактаса қорытындыланған. Қорытындысында жүргізілген жұмыс түрлеріне жасалған талдаулар ғылыми-әдістемелік талаптарға сай сипатталған.

Нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы:

Се Вэйнин диссертациясы әдебиеттанудағы теориялық зерттеулерге өзіндік үлес қосатын жұмыс. Аталған жұмыс жазу барысында қол жеткізген нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектеп және жоғары оқу орындарының гуманитарлық білім беру бағдарламаларында, арнайы семинарлар мен дәрістер оқуда басшылыққа алуға болады. Сонымен бірге тақырыпты зерттеу нәтижесінде алынған тұжырым, түйіндерді жоғары оқу орындарында, арнайы курсарда, ғылыми еңбектерде және жекелеген авторлардың шығармаларына талдау жасау барысында пайдалануға негіз бар.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жариялануының жеткілікті толықтығына растама:

Зерттеудің негізгі мазмұны мен жекелеген тұжырымдары ғылыми-теориялық, халықаралық конференцияларда жасалған баяндамаларда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген арнаулы басылымдарда көрініс тапқан. Сонымен қатар Scopus базасына енетін рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымда мақала жарияланды.

Диссертацияның қолжазбасында орын алған техникалық қателер мен кейбір стильдік олқылықтар түзетілді.

Корыта келгенде Се Вэйниннің философия докторы (PhD) «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша жазылған «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романдарында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерешеліктері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай жазылған, ғылыми бірізділік сақталған, толық аяқталған жұмыс деп санаймын. Диссертация жұмысты теориялық және практикалық жағынан құнды еңбек ретінде бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Остандық ғылыми кенесші,
ф.ғ.д., профессор**

Қолын растаймын
Подпись заверю

Махорова М.Н.



Бисенғали З-Ғ.Қ.